

DOI 10.52260/2304-7216.2023.2(51).20
 ЭОЖ 338.012
 FTAMP 06.71.03

Б.С. Мухан, PhD докторанты¹
 А.М. Есиркепова*, э.ғ.д., профессор²
 А.С. Тулеметова, э.ғ.к., профессор¹
 А.С. Есенгельдина, э.ғ.к., профессор²
 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
 Шымкент қ., Қазақстан¹
 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
 Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қ., Қазақстан²
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: essirkepova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мақалада Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін дамытудың теориялық және тәжірибелік жақтары қарастырылған. Авторлар жеңіл өнеркәсіптің тұрақты даму стратегиясын талдаумен байланысты ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеген: мемлекеттік қаржылық қолдау, өңірлік кластер құру, өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, тәуекелдерді басқару стратегиясын енгізу, электрондық-коммерциялық тәсілдерді қолдану, интеграциялық картаны әзірлеу, кәсіпорынның тиімділік көрсеткіштерін модельдеу, цифрландыруға көшу, теңестіру және саналы тұтыну. Жеңіл өнеркәсіптің дамуын талдау негізінде саланың дамуына әсер ететін негізгі жағымсыз үдерістер анықталған: тұтыну тауарларының өркениетті нарығының болмауы; отандық тауарлардың әлсіз бәсекеге қабілеттілігі; технологиялық артта қалушылыққа байланысты өндірістің еңбек сыйымдылығы; жаңа технологиялар бойынша жұмыс істей алатын мамандардың тапшылығы. Авторлардың пікірінше, жеңіл өнеркәсіп төрт стратегиялық бағыт бойынша дамуы тиіс: салалық ғылымды дамыту, білікті кадрлар даярлау, отандық брендтерді қалыптастыру, өнімді өткізуді тиімді ұйымдастыру. Мақалада жеңіл өнеркәсіпті тұрақты дамыту стратегиясы бойынша бағыттар ұсынылған: жеңіл өнеркәсіп кластерін кәсіпорын деңгейінде емес, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдармен қалыптастыру; бизнес-үдерістерді стандарттау және жаңа құндылықтар жасау үшін цифрлық технологияларды пайдалану; 3D-технологияларды пайдалана отырып өнімдер жасай алатын кадрларды даярлау; технологиялық және басқарушылық салалардағы оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

Кілт сөздер: өнеркәсіп, жеңіл өнеркәсіп, стратегия, басқару, технология, электрондық сауда, ғылыми қолдау, бренд, бизнес-үдеріс, бәсекеге қабілеттілік.

Ключевые слова: промышленность, легкая промышленность, стратегия, управление, технология, электронная торговля, научное сопровождение, бренд, бизнес-процесс, конкурентоспособность.

Keywords: industry, light industry, strategy, management, technology, electronic commerce, scientific support, brand, business process, competitiveness.

Кіріспе. Қазіргі уақытта еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтамасыз етуде және оның өмір сүру деңгейін арттыруда жеңіл өнеркәсіпті дамыту маңызды рөл атқарады. Сондықтан көптеген дамыған мемлекеттер осы саланың дамуына ерекше назар аударады және оларға елеулі мемлекеттік қолдау көрсетеді.

Еліміздің отандық жеңіл өнеркәсібінің алдында тұрған жаңа міндеттерді шешу қысқа мерзімді ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді бағдарлы бастамаларды жаңа тәсілдермен анықтауды талап етеді. Бүгінгі таңда отандық жеңіл өнеркәсіп өнімдерімен ішкі сұранысты толығымен қанағаттандыру арқылы ғана экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады. Бұл салада жекелеген кәсіпорындардың өндірісін жаңғыртуда, оны шикізат базасымен қамтамасыз етуде және тағы басқа жеткілікті мәселелер жинақталған. Жеңіл өнеркәсіптің арзан отандық тауарларының халық үшін қолжетімділігін арттыру және импортқа тәуелділікті әлсірету жинақталған мәселелерді шешуді, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар салуды және қолданыстағыларын технологиялық жаңартуды көздейді.

Сол себепті, жеңіл өнеркәсіп саласының мәселелерін стратегиялық міндеттердің және іс-шаралардың кешенді бағыттары арқылы анықтау өзекті болып келеді. Бұл жүйелі, әрі мақсатты стратегиялық бағыттар жеңіл өнеркәсіп қызметіндегі шикізатты өңдеуден бастап дайын тауарларды өндіруге және оларды өткізу нарықтарына жылжытуға дейін кезеңдерді қамтуы тиіс.

Мақаланың мақсаты жеңіл өнеркәсіпті тұрақты дамыту стратегиясы бойынша нақты бағыттар ұсыну болып табылады.

Мақаланың мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- жеңіл өнеркәсіп саласының тұрақты даму стратегиясын зерттеумен айналысатын ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасау;
- жеңіл өнеркәсіп саласының өндірістік құрылымының мәліметтерін талдау;
- жеңіл өнеркәсіпті дамытудың стратегиялық бағыттарын анықтау;
- жеңіл өнеркәсіпті тұрақты дамыту стратегиясы бойынша нақты бағыттар ұсыну.

Зерттеу әдістері. Мақалада жеңіл өнеркәсіпті дамытуға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, статистикалық мәліметтер ақпараттық негіз ретінде қолданылған. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жүйелік және статистикалық әдістер пайдаланылған.

Әдебиеттік шолу. Жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту стратегиясын қалыптастыру үшін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін зерттеген жөн.

Қазақстандық ғалымдар жеңіл өнеркәсіп саласын дамытудың стратегиялық бағыттарын мемлекеттік қаржылық көмек және өңірлік кластерді құру арқылы жүргізуді ұсынады.

Мәселен, Юнусов М. Б. және басқа ғалымдар жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту үшін мемлекеттік жеңілдіктер мен артықшылықтар түрінде қолдауға қомақты қаражат бөлуді ұсынады. Олардың пікірінше, «мемлекеттік қолдау көмегімен шикізатты жеткізудің кешеуілдеуіне, жинақталған серіктестіктердің бұзылуына, инвестициялық инвестициялардың азаюына, сондай-ақ логистикалық байланыстардың бұзылуына байланысты мәселелерді шешуге болады» [1].

Нұрланова Н.К. және Омаров А.К. сияқты зерттеушілер саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының базасында өңірлік кластерлер құруды ұсынады. Олардың ойынша «өңірлік кластерлерді қалыптастыру жөніндегі белсенді жұмыс үшін тоқыма, тігін және былғары-аяқ киім өндірісін дамыту бағдарламаларын әзірлеу, саланы дамыту перспективаларын анықтау және бизнестің инвестициялық белсенділігін ынталандыру үшін жағдайлар жасау мақсатында мақсатында өңірлер әкімшіліктері жанынан жұмыс топтарын құру қажет» [2].

Шетелдік ғалымдар жеңіл өнеркәсіптің өзекті мәселелерін, оларды тиімді басқарудың тиімді жолдарын зерттеген.

Гомелько Т.В. және басқалардың ойынша, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының басым бөлігі ескірген технологиялар мен жабдықтарды қолданып, өнім өндіреді. Бұл саланың дамуына кедергі келтіреді және жеңіл өнеркәсіптің өндірілетін өнімінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі [3].

Макмастер М. және басқалар жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының тәуекелдерді басқару стратегиясын енгізуді қарастыру басты назар алған жөн деп санайды. Бұл кейбір фирмалар үшін сұраныстың үзілуін бақылау және сатуды барынша арттыру үшін онлайн тұтынушыларға қызмет көрсетуге инвестициялау икемділігін қамтамасыз етеді [4].

Жаркова Н.Н. болса жеңіл өнеркәсіп ұйымдары сауда үдерісінің белсенді қатысушылары болып табылмайды және маркетингтік технологиялардың қазіргі дамуында тиімсіз болған дәстүрлі тарату арналарын пайдаланады деп ойлайды. Сол себепті тауарлар мен бизнесті ілгерілетуді электрондық-коммерциялық бағытқа қайта бағыттау қажет [5].

Бойченко К. және басқа ғалымдар жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының дамуын бағалау үшін кешенді даму нәтижелерін модельдеу және болжау арқылы интеграциялық картаны әзірлеуді ұсынады. Мұндай кешенді бағалау басқару шешімдерінің тиімділігін негіздеуге және кәсіпорындардың кешенді даму сапасын, сондай-ақ тұтастай алғанда олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі [6].

Бинх Д.Т. және басқалар шетелдік жеткізушілер мен инвесторларға тәуелділік көрсеткіштерінің кәсіпорын тиімділігінің көрсеткішіне әсер етуінің регрессиялық модельдерін жасаған. Теңдеулер (тәуелділік функциялары) жүйесін шешу арқылы нарықтық жұмыс жағдайында дағдарыстық көріністер жағдайында тігін және тоқыма кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында шетелдік және отандық жеткізушілер мен инвесторлардың өзара әрекеттесу құрылымының оңтайлы пропорциялары сандық түрде анықталады [7].


Медведева О.А. және Рыкова Е. С. жеңіл өнеркәсіпті дамыту стратегиясының үш негізгі бағытын бөлуді ұсынады: цифрландыруға көшу, теңестіру және саналы тұтыну. Олардың пікірінше, бұл халықтың кең ауқымында, соның ішінде ең талапшыл топта сән өзгерістерін бақылайтын жастарда сұранысқа ие өнімдерді шығаруға ықпал етеді [8].

Ғалымдар ғылыми мақалаларында жеңіл өнеркәсіп саласын дамытудың стратегиялық бағыттарын қалыптастыру үшін мемлекеттік қаржылық көмек, өңірлік кластерді құру, өндірілетін

өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, тәуекелдерді басқару стратегиясын енгізу, электрондық-коммерциялық тәсілдерді қолдану, интеграциялық картаны әзірлеу, кәсіпорын тиімділік көрсеткіштерін модельдеу, цифрландыруға көшу, теңестіру және саналы тұтыну сұрақтары қарастырылған. Дегенмен, бұл зерттеушілер ғылыми еңбектерінде жеңіл өнеркәсіпті дамытудың стратегиялық бағыттарына нақты көңіл бөлмеген. Сол себепті статистикалық мәліметтерді талдап, анықталған мәселелерді зерделей отырып, жеңіл өнеркәсіп саласының даму бағыттарын тұжырымдаған жөн.

Негізгі бөлім. Жеңіл өнеркәсіптің тұрақты дамуы өндірістің экономикалық тиімділігіне, еңбек өнімділігінің елеулі өсуіне, технологиялық үдерістер мен өнімнің экологиялық қауіпсіздігіне, ресурстарды үнемдеуге, өндіріс мәдениетін арттыруды қамтамасыз етуге байланысты. Бұл өндіріс саласы өнімдерінің түпкүлікті тұтынушылары болып жеке тұлғалар табылады.

2018-2022 жылдар аралығында жеңіл өнеркәсіп саласы кәсіпорындары 99,4 млрд. теңгеден 177,9 млрд. теңге көлемінде өнім өндірген (1-сурет).



1-сурет. Жеңіл өнеркәсіп саласының 2018-2022 жылдар аралығында өндірген өнімінің көлемі, млрд. теңге

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-сурет мәліметтері көрсетіп отырғандай, жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жыл сайынғы өсуі байқалады. Статистикалық деректерде шығарылған өнімнің көлемі ішкі нарықтың небәрі 9%-ын қамтитыны көрсетілген. Жеңіл өнеркәсіпке қажетті шикізат пен жартылай дайын өнімдердің нашар дамуы бәсекеге қабілеттілікті тежеп отыр.

Жеңіл өнеркәсіп өзінің құрамына тоқыма, киім және былғары бұйым өндірістерін енгізетін ірі сала болып келеді. Осы өндірістердің жеңіл өндірістерде алатын орнын қарастырып көрейік (1-кесте).

1-кесте

Жеңіл өнеркәсіп саласының өндірістік құрылымы*

№	Өндіріс түрлері	2018	2019	2020	2021	2022
1	Тоқыма өндірісі					
	- млн.теңге	52394	60238	75997	84888	101148
	- үлесі (%)	52,84	52,00	53,25	55,26	56,83
2	Киім өндірісі					
	- млн.теңге	36568	43964	53627	54440	61305
	- үлесі (%)	36,88	37,95	37,57	35,44	34,44
3	Былғары бұйым өндірісі					
	- млн.теңге	10189	11641	13098	14299	15542
	- үлесі (%)	10,28	10,05	9,18	9,31	8,73
	Барлығы	99151	115843	142722	153627	177995

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Өндірілетін өнім көлемі бойынша ассортименттік құрылымдағы ең үлкен үлес салмағын тоқыма (56,84%) және киім (34,44%) өндірістері алады. Былғарыдан жасалған бұйымдардың үлес салмағы түскенімен (2018 жылы – 10,28%, 2022 жылы – 8,73%), соңғы бес жыл аралығында өндірілген көлемі жыл сайын өсіп отыр.

Отандық химиялық өндіріс, үлкен мүмкіндіктерге ие болса да, жеңіл өнеркәсіпке қажетті маталар мен жіптер, бояғыштар шығармайды. Шикізаттың барлық дерлік түрлерін шетелден сатып алуға тура келеді. Республикада барлық қолданыстағы салалар бойынша түпкілікті өнімнің құн тізбегінде іс жүзінде байланыс жоқ. Тоқыма өндірісінде мақта, жүн жоқ. Тиісінше, тоқыма бұйымдарын өндіруге қажетті маталардың болмауы дайын өнімнің қымбаттауына әкеледі.

Жеңіл өнеркәсіптің дамуын талдау нәтижелері, саланың дамуына әсер ететін мынадай жағымсыз үдерістерді анықтады:

- тұтыну тауарларының өркениетті нарығының болмауы;
- отандық тауарлардың әлсіз бәсекеге қабілеттілігі;
- технологиялық артта қалушылыққа байланысты өндірістің еңбек сыйымдылығы жоғарылығы;
- жаңа технологиялар бойынша жұмыс істей алатын мамандардың тапшылығы.

Бүгінгі таңда жеңіл өнеркәсіптің экономикалық өсу факторларын ғана емес, экономикалық даму механизмін де түбегейлі өзгерту қажеттілігі туралы мәселе тұр.

Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жеңіл өнеркәсіп саласының негізгі стратегиялық бағдары жеке коммерциялық брендтерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс [10].

Еліміздің жеңіл өнеркәсібінің өнімдері әлемдік нарықта емес, отандық ішкі нарықта да шетелдік бәсекелестерде төтеп бере алмай отыр. Сол себепті жеңіл өнеркәсіптің даму стратегиясы 4 бағыттарды қамту керек (2-сурет).



2-сурет. Жеңіл өнеркәсіпті дамытудың стратегиялық бағыттары

* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жеңіл өнеркәсіпті дамытудың стратегиялық бағыттары мыналарды қамтиды:

- салалық ғылымды дамыту. Салалық ғылым ішкі нарықты тауарлардың заңсыз айналымынан қорғау, қолданыстағы өндірістерді жаңғырту, саланы материалдық-шикізаттық ресурстармен және кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталғаны жөн;

- білікті кадрларды даярлау. Жаңа технологияларды қолдана алатын мамандарды оқу орындарымен бірлесе отырып дайындау қажет;

- отандық брендтерді қалыптастыру. Отандық брендтің негізі оның бәсекелестік артықшылықтарын арттыруға, жаңа буынның бәсекеге қабілетті өнімдерін шығаруды ұлғайтуға бағытталған дамудың инновациялық моделіне көшу болуға тиіс;

- өнімді өткізуді тиімді ұйымдастыру. Тауарлар мен бизнесті ілгерілетуді электрондық-коммерциялық бағытқа қайта бағыттау қажет. Электрондық сауданы нақты тауарларға қатысты тұтынушылардың талаптарын анықтауға қажетті құрал ретінде қолдануға болады.

Осылайша, жеңіл өнеркәсіпті дамытудың стратегиялық бағыттары осы салада тұрақты саясатты қабылдауға арналған. Ғылыми сүйемелдеуді ескере отырып, отандық брендтерді қалыптастыру жеңіл өнеркәсіп өнімдерін нарықтың тиісті қажеттіліктеріне орай шығаруға мүмкіндік береді. Бұл бизнес және басқару үдерістерін стандарттау үшін цифрлық технологияларды пайдалануды талап етеді.

Қорытынды. Қазақстан Республикасында жеңіл өнеркәсіп саласының шығарылған өнімі жыл сайын өсіп келеді. Дегенмен, өндірілген өнім ішкі нарықты толығымен қанағаттандырмай отыр.

Біздің ойымызша, отандық жеңіл өнеркәсіпті мынадай стратегиялық бағыттарға дамытқан жөн:

- жеңіл өнеркәсіп кластерін кәсіпорын деңгейінде емес, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдармен қалыптастыру. Бұл ұйымдарға сауда үйлері, банктер, сақтандыру компаниялары, оқу орындары және басқалар енуі керек;

- бизнес-үдерістерді стандарттау және жаңа құндылықтар жасау үшін цифрлық технологияларды пайдалану. Цифрлық трансформация бизнеске цифрлық платформаларға сәйкес бизнес үлгілерін өзгертуге, тарату арналарын әртараптандыруға, тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға және тұтынушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жаңа өнімдерді жасауға көмектеседі;

- 3D-технологияларды пайдалана отырып, өнімдерді жасай алатын кадрларды даярлау. Олар сондай-ақ өнеркәсіптік роботтар арқылы жоғары автоматтандырылған желілерді басқара алуы, машиналар мен жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуіне байланысты ықтимал тәуекелдерді анықтау үшін деректер үлгілерін бағалай және талдай алуы керек;

- технологиялық және басқарушылық салалардағы оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту. Аймақтық және халықаралық жұмыс күшімен бәсекелесе алатын ресурстарды дайындау үшін әр елдегі дағдылар мен біліктіліктерге қатысты ережелерді ескере отырып аймақтық және халықаралық анықтамалық біліктілік шеңберлеріне назар аудару қажет.

Жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бағытталған ұсыныстар кәсіпорындардың деңгейін бағалауға, әр түрлі салалардың шоғырлануына, басқарудың тиімді шешімдерін қабылдауға және білікті мамандарға дайындауға мүмкіндік береді. Болашақта жеңіл өнеркәсіпте сандық технологияларды және жасанды интеллектпен байланысты дағдыларды қолдануға қатысты ғылыми зерттеулерге үлкен мән беру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Юнусов М.Б., Есиркепова А.М., Тулеметова А.С., Митрошенко Т.С., Сариева Ж.А. Механизмы развития легкой промышленности Республики Казахстан в условиях пандемии // Технология текстильной промышленности, 2021. – № 3(393). – С. 21-25.
2. Nurlanova N., Omarov A. Regional Features of the Placement of Light Industry Enterprises in Kazakhstan // Eurasian Journal of Economic and Business Studies, 2022. – P. 115-130. – DOI: 10.47703/ejebbs.v4i66.209.
3. Гомелько Т.В., Бортник Ю.А., Овсянникова М.А. Проблемы развития легкой промышленности в современной России // Экономика и управление. – 2020. – Т. 26. № 1. – С. 69-73. – URL: <http://doi.org/10.35854/1998-1627-2020-1-69-73>.
4. McMaster M., Nettleton C., Tom C., Xu B., Cao C., Qiao P. Risk Management: Rethinking Fashion Supply Chain Management for Multinational Corporations in Light of the COVID-19 Outbreak // Journal of Risk and Financial Management. – 2020. – 13(8). – 173 p. – URL: <https://doi.org/10.3390/jrfm13080173>.
5. Жаркова Н.Н. Стратегия развития легкой промышленности: новые направления и целевые показатели // Экономика, предпринимательство и право. – 2017. – Том 7. – № 4. – С. 253-261. – DOI: 10.18334/epp.7.4.38488.
6. Boichenko K., Klymenko S., Shevchuk N., Terentieva O. Quality management of the integrated development of Ukrainian light industry enterprises // Journal of Eastern European and Central Asian Research (JEECAR), 2022. – 9(4). – P. 554-568. – URL: <https://doi.org/10.15549/jeecar.v9i4.921>.
7. Binh D., Lam T., Nguyen N., Ngoc T., Barysheva G. Increasing the efficiency of the Textile and Garment Industry of Vietnam in the context of the dependence on foreign suppliers and investors. Journal of Eastern European and Central Asian Research (JEECAR), 2020. – 7(3). – P. 363-374. – URL: <https://doi.org/10.15549/jeecar.v7i3.598>.
8. Медведева О.А., Рыкова Е.С. Кастомизация как основной вектор развития предприятий легкой промышленности в новых условиях развития рынка // Научный журнал «Костюмология», 2021. – № 1. – URL: <https://kostumologiya.ru/PDF/21IVKL121.pdf>. – DOI: 10.15862/21IVKL121.
9. Основные показатели работы промышленности Республики Казахстан за 2018-2022 годы. Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/151/statistic/5>.
10. Об утверждении Концепции развития обрабатывающей промышленности Республики Казахстан на 2023-2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года № 846. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000846>.

REFERENCES

1. Junusov M., Esirkepova A., Tulemetova A., Mitroshenko T., Sarieva Zh. *Mehanizmy razvitiya legkoj promyshlennosti Respubliki Kazahstan v uslovijah pandemii* [Mechanisms of development of light industry of the Republic of Kazakhstan in the conditions of a pandemic] // *Tehnologija tekstil'noj promyshlennosti*, 2021. – № 3(393) . – S. 21-25 [in Russian].
2. Nurlanova N., Omarov A. *Regional Features of the Placement of Light Industry Enterprises in Kazakhstan* // *Eurasian Journal of Economic and Business Studies*, 2022. – P. 115-130. – DOI: 10.47703/ejeb.v4i66.209.
3. Gomel'ko T., Bortnik Ju., Ovsjannikova M. *Problemy razvitiya legkoj promyshlennosti v sovremennoj Rossii* [Problems of light industry development in modern Russia] // *Jekonomika i upravlenie*. – 2020. – T. 26. № 1. – S. 69-73. – URL: <http://doi.org/10.35854/1998-1627-2020-1-69-73> [in Russian].
4. McMaster M., Nettleton C., Tom C., Xu B., Cao C., Qiao P. *Risk Management: Rethinking Fashion Supply Chain Management for Multinational Corporations in Light of the COVID-19 Outbreak* // *Journal of Risk and Financial Management*. – 2020. – 13(8). – 173 p. – URL: <https://doi.org/10.3390/jrfm13080173>.
5. Zharkova N. *Strategija razvitiya legkoj promyshlennosti: novye napravlenija i celevye pokazateli* [Light industry development strategy: new directions and targets] // *Jekonomika, predprinimatel'stvo i pravo*. – 2017. – Tom 7. – № 4. – S. 253-261. – DOI: 10.18334/epp.7.4.38488 [in Russian].
6. Boichenko K., Klymenko S., Shevchuk N., Terentjeva O. *Quality management of the integrated development of Ukrainian light industry enterprises* // *Journal of Eastern European and Central Asian Research (JEECAR)*, 2022. – 9(4). – P. 554-568. – URL: <https://doi.org/10.15549/jeeecar.v9i4.921>.
7. Binh D., Lam T., Nguyen N., Ngoc T., Barysheva G. *Increasing the efficiency of the Textile and Garment Industry of Vietnam in the context of the dependence on foreign suppliers and investors*. *Journal of Eastern European and Central Asian Research (JEECAR)*, 2020. – 7(3). – P. 363-374. – URL: <https://doi.org/10.15549/jeeecar.v7i3.598>.
8. Medvedeva O., Rykova E. *Kastomizacija kak osnovnoj vektor razvitiya predpriyatij legkoj promyshlennosti v novyh uslovijah razvitiya rynka* // *Nauchnyj zhurnal «Kostjumologija»*, 2021. – №1. – URL: <https://kostumologiya.ru/PDF/21IVKL121.pdf>. – DOI: 10.15862/21IVKL121 [in Russian].
9. *Osnovnye pokazateli raboty promyshlennosti Respubliki Kazahstan za 2018-2022 gody* [Key performance indicators of the industry of the Republic of Kazakhstan for 2018-2022]. *Oficial'nyj sajt Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan*. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/151/statistic/5> [in Russian].
10. *Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya obrabatyvajushhej promyshlennosti Respubliki Kazahstan na 2023-2029 gody* [On approval of the Concept of development of the manufacturing industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. *Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 20 dekabrya 2018 goda № 846*. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000846> [in Russian].

Мухан Б.С., Есиркепова А.М., Тулеметова А.С., Есенгельдина А.С.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СТРАТЕГИИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты развития легкой промышленности Казахстана. Авторами рассмотрены научные труды ученых, связанные с анализом стратегии устойчивого развития легкой промышленности: государственная финансовая поддержка, создание регионального кластера, конкурентоспособность производимой продукции, внедрение стратегии управления рисками, применение электронно-коммерческих подходов, разработка интеграционной карты, моделирование показателей эффективности предприятия, переход к цифровизации, выравнивание и сознательное потребление. На основе анализа развития легкой промышленности определены основные негативные процессы, влияющие на развитие отрасли: отсутствие цивилизованного рынка потребительских товаров; слабая конкурентоспособность отечественных товаров; трудоемкость производства из-за технологической отсталости; дефицит специалистов, умеющих работать по новым технологиям. По мнению авторов, легкая промышленность должна развиваться по четырем стратегическим направлениям: развитие отраслевой науки, подготовка квалифицированных кадров, формирование отечественных брендов, эффективная организация сбыта продукции. В статье предложены рекомендации по стратегии устойчивого развития легкой промышленности: сформировать кластер легкой промышленности не на уровне предприятия, но и с организациями, обеспечивающие его функционирование;

использовать цифровые технологий для стандартизации бизнес-процессов и создания новых ценностей; подготовить кадров, умеющих создавать продукты с использованием 3D-технологий; обновить содержание образовательных программ в учебных заведениях как в технологической, так и в управленческой областях.

Mukhan B., Yessirkepova A., Tulemetova A., Yessengeldina A.

**THE MAIN DIRECTIONS OF IMPROVING THE STRATEGY
OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF LIGHT INDUSTRY IN KAZAKHSTAN**

Annotation

The article discusses the theoretical and practical aspects of the development of light industry in Kazakhstan. The authors reviewed the scientific works of scientists related to the analysis of the strategy of sustainable development of light industry: state financial support, the creation of a regional cluster, the competitiveness of manufactured products, the introduction of risk management strategies, the use of electronic commercial approaches, the development of an integration map, modeling of enterprise performance indicators, the transition to digitalization, alignment and conscious consumption. Based on the analysis of the development of light industry, the main negative processes affecting the development of the industry are identified: the lack of a civilized consumer goods market; weak competitiveness of domestic goods; labor intensity of production due to technological backwardness; shortage of specialists who can work on new technologies. According to the authors, the light industry should develop in four strategic directions: the development of industry science, the training of qualified personnel, the formation of domestic brands, and the effective organization of product sales. The article offers recommendations on the strategy of sustainable development of light industry: to form a cluster of light industry not at the enterprise level, but also with organizations that ensure its functioning; to use digital technologies to standardize business processes and create new values; to train personnel who can create products using 3D technologies; to update the content of educational programs in educational institutions. institutions in both technological and managerial fields.

